



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ



«Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету біз үшін негізгі басымдық болып қала береді. Биыл депутаттар елімізді одан әрі дамытуға арналған бірқатар маңызды заңдарды қарайды. Сол нормаларды сапалы пысықтап, уақытылы қабылдауымыз қажет».

(Жалғасы 3-бетте)

АУТИЗМ НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Баласының дамуында кемшілік барын, денсаулығында кінәрат барын білу қай ата-анаға да жеңіл тимейді. Әсіресе, баласының аутист екені белгілі болғанда өзін тастап жіберетін, ұл-қызына көмектесудің орнына өзі психологиялық күйзеліске түсетін ата-аналар аз емес. Керісінше, аутизмді қалыпты жағдай деп қабылдайтын, баласына мүлде көңіл бөлмейтін ата-аналардың кездесетінін мойындауымыз керек.

Осындайда аутизмнің алғашқы белгілерімен бетпе-бет келетін балабақша тәрбиешілері мен психологтарға маңызды міндет жүктелген. Олар ерекше балаларды тәрбиелеумен бірге, ата-анасының да аутист баламен қарым-қатынас жасауына жол көрсетеді, мамандардан кеңес алудың тиімділігін түсіндіреді. Аутист баланың балабақша мен отбасында өзін жайлы сезінуіне жағдай жасауға бар күш-жігерін жұмсайды.

Шын мәнінде олар ерекше балалар. Олар өзімен қатар өсіп келе жатқан бүлдіршіндерге мүлде ұқсамайды. Және әрқайсысының мінез-құлқы, өзін ортада ұстауы, бейімделуі, балалар мен тәрбиешіні қабылдауы әртүрлі. Сондықтан әр балаға әртүрлі қарым-қатынас жасап, тәрбиелеу керек.

Аутизм – дамудың бұзылуымен байланысты психикалық бұзылыс. Кейінгі кезде аутизм белгілері бар балалардың саны көбейіп келеді. Мұның сырын біреулер адамдар арасындағы байланыстың жоқтығымен байланыстырса, кейбір жандар аутизм – телефон мен интернетке телмірудің нәтижесі деп бағалауда. Шын мәнінде аутизм деген не? Балалар арасында аутизмнің жиілеуіне не себеп?

Аутизмнің себептері толық зерттелмеген. Статистика бойынша, Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар 150 мыңнан астам бала есепке қойылған. Соның ішінде Оқу ағарту министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда аутизммен ауыратын тоғыз мыңға жуық бала бар. Өкінішке қарай, денсаулығында кінәраты анықталған балалар саны жыл сайын артып келеді. Әсіресе, балалар аутизмі алаңдатарлық жағдайда. Жыл сайынғы статистиканы сараптаған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы аутизмді адамзаттың үлкен проблемасы деп бекер атап отырған жоқ. Сонымен қатар, аутизмді тек ата-ананың көңіл бөлмеуімен немесе смартфонға көп уақыт арнауымен байланыстыруға болмайды.

(Жалғасы 4-бетте)

ТҮЙТКІЛ

БУЛЛИНГ: СЕБЕП – СЫЛТАУ, САЛДАР – ТРАГЕДИЯ

Буллингті қалай тоқтамыз, ұрпақты қалай бір-біріне қайырлы, ізгілікті, ізетті қылып тәрбиелейміз? Осы сауалдар бүгін тек қана мұғалімдер мен ата-аналардың ғана емес, күллі өркениетті қоғам мүшелерінің бас ауруына айналған.

Құқық қорғаушылар ұсынатын нақты деректер бұл мәселенің әлі де өзекті, күн тәртібінде тұруы керек мәселе екенін көрсетеді. Психологтар мен ұстаздар да жыл сайын дабылын қағып, жасөспірімдер мен жастар арасындағы тәрбие сағаттарының санын арттыру қажеттігін айтысып жүр.

Бұл өзекті мәселеге үңілген кез келген адам ең алдымен мектепке тіреледі. Себебі қай уақытта болса да қоғам жас буынға зор үміт артып, жауапкершілік жүктейді. Ел ертеңі, мемлекет болашағы деп сенім артады. Кейінгі ұрпақ тәуелсіздігіміздің туын әрқашан жоғары ұстауы тиіс. Адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптар мүлдем өзге-

ше. Сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды.

«Ұлы Абай үнемі сынға алған масылдық қоғамға ешқашан жақсылық әкелген емес. Соны түсінетін жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс. Біз қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне әрқашан сай болуымыз керек. Бұл үшін бір орында тұрып қалмай, ілгері жылжу басты мақсат болуы тиіс. Сондықтан, білімі тең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүктеледі. Сіздердің бүгінгі шәкірттеріңіз – Қазақстанның жарқын болашағы. Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың

басты құралы. «Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті» деп ел Президенті Қ.Тоқаевтың өзі де мектепке, ондағы ұлағатты ұстаздарға сенім артады. Ендеше, мектептің тәрбие бесігі ретінде буллинг мәселесі сөз болғанда ауызға бірінші ілінетіні де заңдылық. Негізгі фактор ата-анасы, отбасы екені әу бастан белгілі. Демек, бұл әртараптан қарастырып, себебімен қатар салдарымен қоғам болып бірлесіп күресетін ортақ мәселе.

Психолог, әлеуметтанушы Роза Жаңабайқызы осы мәселеде жауапкершілік жүгі ортақ екенін айтады. «Буллингті біз айналасынан болатын қысым, бір адамның немесе бірнеше адамдар тобының балаға жасайтын қысықтығы» десек, ол қысықтың ошағы пайда болған жерді анықтау бірінші кезектегі мәселе. Егер отбасында ер азамат жарына дауыс көтеріп, өктемдігін жасай бастаса, буллингтің

басы осы тұстан тармақталады. Ол әрекет, қарым-қатынас міндетті түрде балаға әсерін тигізеді. Ол бала ақырындап күштінің дағдысын өзіне сіңіре бастайды. Ертең ол балабақшада үйде сіңген тәлімін сыртқа шығара бастайды, қасындағы әлсізге өктемдігін көрсетіп, затын тартып алады, қағып кетеді, болмаса ұрып жібереді. Бұл әдет біртіндеп осылай мектепке барады. Әкесі оған біреуді ұр, соқ демеуі мүмкін, бірақ қазақ «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп бекер айтпайды. Мұның бәрі ақырындап бейсаналы түрде осылай сабақталып кете беретін құбылыс. Отбасында ата-ана осы мәселеге өте сақ болып, бала тәрбиесіне жіті көңіл бөлу керек» деп мамандардың айтатыны осыдан, – дейді. «Біз буллингтің себебі мен салдарын анықтап дәл диагноз қою үшін әлеуметтік сауалнамаларды көп жүргіземіз. Сонда байқаған ең бірінші мәселе осы отбасындағы өктемдік, ата-ананың қарым-қатынасындағы дөрекілік. Кей кісілерге бұл бергі жақтағы ешкімге зиянсыз (безобидный фактор) әрекеттер көрінуі мүмкін. Бірақ ғылымда, адам психологиясында аса үлкен маңызға ие мәселелер», – дейді маман.

(Жалғасы 5-бетте)

3-бет



**Электромобиль
болашақтың көлігі бола ала ма?**

5-бет



**Баспана бағасы
төмендемейді**

8-бет



...Жар астында

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ

ЖЕКЕ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ӨЗ ҚҰҚЫҒЫМЫЗДЫ ҚОРҒАЙ БІЛЕЙІК

Әрбір азамат өзінің құқықтары мен міндеттерін білуі және оларды қорғау жолдарын меңгеруі қажет. Құқықтық сауаттылықты дамыту – азаматтық қоғамның маңызды бөлігі және жеке тұлға ретінде біздің басты міндетіміз.

Құқық дегеніміз не? Құқық – бұл қоғамдағы тәртіпті сақтап, адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін ережелер мен нормалар жүйесі. Қазақстан Республикасының Конституциясы әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді көздейді. Осы негізде, әрбір азамат мыналарды білуі қажет:

- Өзінің құқықтары мен міндеттерін;
- Құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігін;
- Құқықтарын қорғаудың тиімді әдістерін.

Құқықтарымызды қалай қорғай аламыз?
1. Құқықтық сауаттылықты арттыру: Өз құқықтарымыз бен міндеттерімізді білу үшін заңдарды, нормативтік актілерді және құқықтық әдебиеттерді оқып, түсіну маңызды.

2. Құқық қорғау органдарына жүгіну: Егер құқығыңыз бұзылса, құқық қорғау органдарына (полиция немесе прокуратураға), сотқа жүгіну арқылы өз мүдделеріңізді қорғай аласыз.

3. Қоғамдық ұйымдарға қатысу: Азаматтық қоғамның белсенді мүшесі болу арқылы құқығыңызды қорғауға және басқалардың құқығын қорғауға үлес қоса аласыз.

4. Медиация және келіссөздер: Кей жағдайларды дауларды сотқа жеткізбей, медиация немесе келіссөздер арқылы мәселені шешу тиімді болуы мүмкін.

Неліктен құқықтарды қорғау маңызды?
Құқықтарымызды қорғау арқылы біз өзімізді және қоғамды дамытамыз. Әрбір адам әділеттілікке ұмтылып, заңдардың орындалуын талап етсе, бұл қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді.

Жеке тұлға ретінде құқығымызды қорғау – біздің өміріміздің ажырамас бөлігі. Құқықтық сауаттылықты арттыру, заңдарды сақтау және өз құқықтарымызды қорғау – әділетті қоғам қалыптастырудың негізі. Әрбір адам өз құқығын білсе, қоғамда тәртіп пен тұрақтылық орнайды.

Шынар ИСЛЯМОВА,
Өскемен қаласы Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2014 жылғы 10 желтоқсандағы «Дамуға ресми көмек туралы» заң бойынша Қазақстан Үкіметі Сыртқы істер министрлігінің «KazAID» Қазақстандық халықаралық даму агенттігін құрған болатын. Дамушы елдердің экономикасы мен әл-ауқатын қолдауға бағытталған бұл агенттік дамуға ресми көмек саласындағы оператор. Сол себепті Қазақстанның шетелдерге жіберген барлық гуманитарлық көмегі KazAID арқылы көрсетілді.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЙ МЕМЛЕКЕТТЕРГЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТТІ?

«KazAID» Қазақстандық халықаралық даму агенттігінің баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, ол дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, серіктес елдерде даму мен тұрақты өсуге жәрдемдеседі, Қазақстанның әртүрлі салалардағы жетістіктерін ілгерілетеді, тәжірибе алмасуға және әртүрлі елдердің мамандары арасында байланыс орнатуға ықпал етеді. Мәселен, былтыр Қазақстандық халықаралық даму агенттігі Тәжікстанға 2,5 млрд теңгеге (5,65 млн доллар) гуманитарлық көмек көрсетті. Атап айтқанда, 14

970 тонна мазут, 80 тонна дизель отыны, 30 тонна дизель майы, 325 тонна қарақұмық жармасы, 67 тонна май, 50 мың банка сүт консервілері жөнелтілді. Сондай-ақ шынжыр табанды экскаватор сатып алу үшін 67,9 млн теңге бөлінді. Қырғызстанға Бішкектегі ЖЭО апатын жою үшін 2 мың тонна дизель отынын, 0,9 тонна макарон, 0,9 тонна қарақұмық жармасы, 2,25 тонна ет консервілері мен 0,05 тонна шәй жіберді. Сондай-ақ Қырғызстандағы балшық тасқынынан зардап шеккен Ош облысына Қазақстан гуманитарлық көмек ретінде тасқын салдарын жоюға, ха-

лықты қолдауға және аудандарды қалпына келтіруге көмек жіберді. Ауғанстанға 5 мың литр май, 795 тонна күріш жармасы және мың тонна бірінші сұрыпты ұн жіберді. Ал Вьетнамға 100 мың доллар бөлінді.

Дамуға ресми көмек саласындағы мұндай көмек 2019–2021 жылдары да жасалған.

Мәселен, 2021 жылы Қазақстанның екіжақты және көпжақты арналар бойынша шет елдерге көрсеткен дамуға ресми көмегінің жалпы сомасы 43,56 млн долларды құрады. Оның 9,98 млн доллары тауарлық көмек және білім гранттары түрінде көрсетілді. Атап айтқанда: Тәжікстанға 4 550 000; Ауғанстанға 2 420 000; Қырғызстанға 3 010 000 және басқа дамушы елдерге 33 580 000 доллар. Бұдан бөлек дамушы елдердің әлеуметтік инфрақұрылымына – 7 948 499 доллар, экономикалық инфрақұрылымына – 7 530 000 доллар; өндірістік салалық / өтпелі секторға – 3 693 121 доллар; тауарлық көмек / бағдарламалық көмекке – 478 949 доллар; гуманитарлық көмекке – 7 105 350 доллар және көмектің басқа түрлеріне 6 613 797 доллардың көмегі көрсетілді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

РУХАНИЯТ

ӘДІЛ СОТ – АЛТЫН БЕСІК

Кейбіреу сот болдым деп шалқалайды. Ұмытып амандық пен хал қалайды. Тиісті заңын таппай дау-дамайдың, Қателік жібергенін байқамайды. Кейбіреу «ұтып бер» деп қолқалайды, Әділ сот ондайларды қолдамайды. Әлсіз сот әлін білмей көре тұра Заңды да терісінен бұрмалайды. Ондайдың шел қаптасын көздеріне, істі болсын ондайың өздері де. Жемқор мен заң білместер ада болса, Көзқарас соттарға да өзгереді Әділдік – алтын бесік орнасыншы, Жаратқан әділдікті қолдасыншы. Тек адал жан, намысты судья болып, Ақиқат қайда барсаң орнасыншы. Пара беріп сот болғандар оңбайды, Пара алғандар қолдайды деп ойлайды. Темір торға екі жақта қамалса, Әділдіктің жалауы нық орнайды.

ОЛ БОЛМАЙДЫ

Сот болам деп кейбіреу қиялдайды, Тамыр-таныс қол іздеп қияндайды.

Таяздығын өзінің білсе-дағы, Күні түні заң оқып қиналмайды. Сот жұмысы ешқашан сатылмайды, Сатып алса онда сот-би оңбайды. Жемтік іздеп жүргендер бола калса, Әділдік пен заңдылық, ел оңбайды. Ерен еңбек соларға қайрат керек, Ар, ұятты жинайтын қайрап кезек. Жиып алып бойыңа осыларды, Қайда жүрсің ақылды, қайран зерек.

КӨСЕГЕСІ КӨГЕРЕР СОТТЫҢ ҚАЙТІП...

Көсегесі көгерер соттың қайтіп Сан реформа өтті де айтып-айтып. Барлық жағдай жасалды сот ісіне, Қазір соттар жүр әне алқып-шалқып. Не керектің бәрі бар қарауында, Елбасы да қолдап жүр қалауынша. Үш биліктің бірі боп Ата Заңша, Атқарса екен билікті соттарым да. Көсегесі көгерер әділдікпен, Әділдігі бекісе заңдылықпен. Төле би, Қазыбек би мен Әйтеке би Қолдасын әруақтары жайшылықпен.

ШЕНДІГЕ

Шен иесі, емессің жер иесі, Өмір де Алла берген несмесі. Өмірде бұл дүние де жұмақ іздеп, Кетпесің аз өмірдің берекесі. Шіренбе, дәмеленбе пәре тілеп, Аларсың өз басыңа пәле тілеп. Қырсығың тиіп кетсе ұрпағыңа, Кетерсің өз-өзіңді қарғап сілеп. Нашақор сияқты ғой парақорлық, Бір тартқан дәмін оның көрер қорлық. Тартпасаң, алмай қойсаң берген ұды, Білесің жоқ екенін оған зорлық. Ауызданба, ондаймен құнығарсың, Ерте, кешпе құнықсаң тұтыларсың. Ұжымыңды ластатпа, шенді сақта, Әйтпесе тәтті өмірді ұмытарсың. Намыстан үйде жатып шыдай алмай, Күйемін солар үшін құдай алмай. Сүйекке таңба түссе, ар аттанып, Өтерсің бұл өмірде арыла алмай. Қазақтың жаны құрбан ары үшін, Сарп етер соның үшін барлық күшін. Ұлтыңа таңба салсаң қарғыс атар, Адал еңбек керегі соның үшін.

Тохан АСҚАРБЕКОВ,
ҚР сот жүйесінің ардагері

ӨРТУРЛІ

8. «Arslan agro» ЖШС, БСН 030640007291, одан келесі серіктестіктер бөліну жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды:
– «Айзере - А» ЖШС – заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Балқаш ауданы, индекс 040305, Бақбақты ауылы, Байдібек көшесі, 36-үй.
– «Arslan agro» ЖШС құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес жаңадан пайда болған серіктестікке беріледі.
Кредиторлардың келесі мекенжайға: Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақбақты ауылы, Төле би, 51, тел. 87015502374 ұсынылуы мүмкін.

9. «Адал-СК» ЖШС 14.02.2025 жылы сағат 11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Солонцов ауылы, Әл-Фараби көшесі, «Производственная база» ғимараты мекенжайы бойынша келесі күн тәртібімен өтетін кезектен тыс жиынысты өткізетіні туралы хабарлайды:
1. «АДАЛ-СК» ЖШС Жарғысына өзгеріс енгізу.
2. «АДАЛ-СК» ЖШС Құрылтай шартына өзгерістер енгізу.
3. Қатысушылардың жер учаскелерінің орналасқан жерін анықтай отырып, үлестерін заттай бөлу арқылы «Адал-СК» ЖШС құрамынан шығуы.

10. «IziPay» ЖШС (БСН 240140033484) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Мамыр-4 шағын ауданы, 304-үй, 51-пәтер.

11. «Limoil» ЖШС (БСН 230240013164) «Сунгар-Агро» ЖШС (БСН 120840010278) «Limoil» ЖШС-не қосылу арқылы қайта ұйымдастыру рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Талаптар жазбаша түрде мына мекенжай бойынша қабылданады: 150004, СҚО, Петропавл қаласы, М.Әуезов көшесі, 335-үй.

12. «Сунгар-Агро» ЖШС (БСН 120840010278) «Сунгар-Агро» ЖШС-нің «Limoil» ЖШС-не (БСН 230240013164) қосылу арқылы қайта ұйымдастыру рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Талаптар жазбаша түрде мына мекенжай бойынша қабылданады: 150004, СҚО, Петропавл қаласы, М.Әуезов көшесі, 335-үй.

15. Астана қаласы әкімдігінің «Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі» ШЖҚ МҚК (БСН 090940003749) жарғылық капиталдың 820 491 124,53 (сегіз жүз жиырма миллион төрт жүз тоқсан бір мың бір жүз жиырма төрт теңгеге елу үш теңгеге) дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Күйші Дина көшесі, 6.

МҰРАГЕРЛІК

3. 25.07.2024 ж. Қалдыбайұлы Бекзаттың қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус А.С.Жанакүлованың

кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер. Тел. 8 705 270 00 01.

4. 2024 жылдың 23 шілдесінде қайтыс болған Әбен Бибайшаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

14. 2024 жылдың 8 қарашасында қайтыс болған Жу-мағалиев Самат Тилеккабыловичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Камзағалиева Роза Тлеккабыловнаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел. 50-44-68, 8701-222-72-74.

ТАРАТУ

2. «Агро Арсенал» ЖШС (БСН 040240022064) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Ынтымақ көшесі, 24-үй.

5. «Тәтті сәт» ЖШС (БСН 160940005708) (010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Күйші Дина көшесі, 22-үй, 75-пәтер) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 160000, Шымкент қаласы, Тұран ауданы, 1-Мамыр көшесі, 35-үй, 27-пәтер, тел. 87478882035.

6. «Asyl Prof» ЖШС (БСН 190640021090) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру

жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, И.Панфилова көшесі, 16-үй, 50-пәтер, тел. 87029996575.

7. «Шығыс-Мақди» ЖШС (БСН 041240001699) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Майры көшесі, 33А құрылыс, тел. 87478089353, 87761423311.

13. «Project ZENA» ЖШС (БСН 190440003759) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына телефон бойынша қабылданады: 87017574950.

БАНКРОТТЫҚ

16. Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 5 қаңтардағы ұйғарымымен оңалту рәсімін тоқтату және «МЕГАСТРОЙ-СЕВЕР» ЖШС банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды (БСН 051040006773). Шағымдарды қабылдаудың нақты мекенжайы: Қостанай қаласы, Карбышева көшесі, 8/1.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Ұлытау облыстық сотының отставкадағы судьясы Қайрат Күнесбекұлы Шағатаевқа ағасы **Зейнелғадин Күнесбекұлының** дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.